

2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 146-бабы екінші бөлігінің жекелеген ережелерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 9 нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 146-бабы екінші бөлігінің жекелеген ережелерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә. Азимова, судьялар А.Қ. Ескендіров, Қ.Т. Жақыпбаев, А.Е. Жатқанбаева, А.Қ. Қыдырбаева, Қ.С. Мусин, Б.М. Нұрмұханов, Е.Ә. Оңғарбаев, Е.Ж. Сәрсембаев және С.Ф. Ударцев қатысқан құрамда,

өтініш субъектісінің өкілдері – адвокаттар Д.Н. Утебековтің және А.А. Өтесіннің, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының өкілі – депутат Қ.Қ. Тастекеевтің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының өкілі – Сот әкімшілігі басшысының орынбасары А.С. Мусралиновтың,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б. Адамовтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – Вице-министр Б.Ш. Жақселекованың,

сарапшы – заң ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры А.Н. Ақпановтың қатысуымен

өзінің ашық отырысында азамат К.Д. Молдағалиевтің өтініші бойынша 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 146-бабы екінші бөлігінің жекелеген ережелерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарады.

Баяндамашылар – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары Е.Ж. Сәрсембаевты және Қ.Т. Жақыпбаевты тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық тәжірибеге талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына азамат К.Д. Молдағалиевтің ұйқамқтағы күдіктіге тұрғынжайдан шығуға, кімді болса да үйінде қабылдауға, телефонмен сөйлесуге, хат-хабар алуға және байланыс құралдарын пайдалануға толық тыйым салу бөлігінде ҚПК-нің 146-бабы екінші бөлігінің ережелерін Қазақстан Республикасы Конституциясының 13, 14-баптарына, 15-бабының 1-тармағына, 16-бабының 1 және 3-тармақтарына, 17-бабына, 24-бабының 1-тармағына, 26-бабының 1, 2 және 4-тармақтарына, 27-бабының 1 және 2-тармақтарына, сондай-ақ 29-бабының 1-тармағына сәйкес келмейді деп тану туралы өтініші келіп түсті.

Өтініш авторы шектеулер өзіне прокуратураға және тергеу сотына тергеушінің әрекеттеріне шағым беруге, тергеу сотының отырыстарына, азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуға және өзінің өзге де құқықтарын қорғауға, заң көмегін алу үшін адвокатты, сондай-ақ ата-анасы мен жақын туыстарын үйінде қабылдауға, өміріне қатер төнген жағдайда шұғыл қызметтерге жүгінуге және тұрғынжайынан эвакуациялануға, үйіне дәрігер шақыруға немесе оларға баруға, дәрі-дәрмек алу үшін дәріханаға баруға немесе олардың жеткізілуіне тапсырыс беруге, таза ауада серуендеуге жалғыз өзі немесе қызымен бірге шығуға, кәсіпкерлік қызметімен айналысуға мүмкіндік бермейді деп есептейді.

ҚПК-нің 146-бабы екінші бөлігі 1), 2) және 3) тармақтары ережелерінің Конституцияға сәйкестігін қараған кезде өтініш нысанасына қатысты Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (Конституцияның 1-бабының 1-тармағы), бұл мемлекет үшін жалпыадамзаттық құндылықтардың басым екендігін куәландырады. Адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына деп тану құқықтық мемлекет негізін қалайтын конституциялық құрылыстың іргелі қағидаты болып табылады. Олардың жүзеге асырылуы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс және олар Конституцияда көзделген жағдайларда шектелуі мүмкін (12, 39-баптар).

Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылу құқығына кепілдік беріле отырып, Конституцияда оған өз құқықтары мен бостандықтарын, сот арқылы қорғалу және білікті заң көмегін алу құқықтарын қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау мүмкіндігі беріледі (13-бап). Конституция заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең дегенді белгілейді (14-бап), әркімнің өмір сүруге (15-баптың 1-тармағы), жеке басының бостандығына құқықтарын бекітеді, мұны қамаққа алу және күзетпен ұстау түрінде шектеуге заңда көзделген жағдайларда ғана және тұтқындалған адамға шағым жасау құқығы беріле отырып, тек сот санкциясымен ғана жол беріледі. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адамға сол ұсталған,

тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалану құқығы беріледі (16-бап). Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар (29-баптың 1-тармағы).

Негізгі Заңда айқындалған адамның жеке басы бостандығының табиғи құқығына мемлекет жеке басқа қолсұғылмаушылық қағидатын іске асыру арқылы кепілдік беруге міндетті. Қандай да бір бұлтартпау шарасы қолданылған әрбір адам қадір-қасиеті бар, ешкім айыра алмайтын және тумысынан тиесілі құқықтары бар жеке тұлға болып табылады.

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын құрметтейді (Конституцияның 8-бабы). 1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында "ешкім де азапталуға немесе қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленуге немесе жазалануға тиіс емес" (5-бап), "ешкім де негізсіз тұтқындалуға, қамауда ұсталуға немесе қуғынға ұшыратылуға тиіс емес" (9-бап) деп жарияланған. Декларацияда "өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда әр адам тек басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану және құрметтеу мақсаты көзделген жағдайда ғана және демократиялық қоғамдағы моральдің, қоғамдық тәртіп пен игіліктің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсаты көзделген жағдайда ғана, заңмен белгіленген шектеуге ұшырауы тиіс" (29-баптың 2-тармағы) деп бекітіле отырып, адамның құқықтары мен бостандықтарын заңмен шектеудің шекараларын белгілейді.

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті (2005 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған) Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге 2014 жылғы 16 желтоқсандағы, ССРР/С/СР/35 № 35, 9-бап (Бостандық және жеке басының өміріне қол сұғылмау) жалпы тәртіп ескертуінде: "әрбір адамның бостандыққа және жеке басының өміріне қол сұғылмауына құқығы бар" деп көрсетті, бұл ретте "жеке бас бостандығы деп әрекеттердің жалпы еркіндігі емес, адамның нақты оқшаулауға алынған болудан еркіндігі деп түсініледі".

2. Бұлтартпау шараларын қолдану негіздері мен тәртібі ҚПК-нің 18-тарауында регламенттелген. Мәселен, ҚПК-нің 136-бабының бірінші бөлігінде "күдікті, айыпталушы қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынып жүр не істі объективті тергеп-тексеруге немесе сотта талқылауға кедергі келтіреді не қылмыстық әрекетпен айналысуды жалғастырады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізетін орган үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін өз өкілеттіктері шегінде осы адамдарға осы Кодекстің 137-бабында көзделген бұлтартпау шараларының бірін қолдануға құқылы" деп белгіленген.

Бұлтартпау шараларының түрлері ҚПК-нің 137-бабының бірінші бөлігінде олардың қатаңдығы дәрежесіне қарай жазылған. Ұйқамақтың анағұрлым қатаң бұлтартпау шарасы – адамды күзетпен ұстаудың тікелей алдында орналасуы қатаңдығы жеңіл

бұлтартпау шараларымен салыстырғандағы шектеулердің анағұрлым кең ауқымын қолдану ықтималдығын алдын ала айқындайды.

Тұтқындалған адамға қолданылатын оқшаулау дәрежесі мен шектеулер жасалған қылмыстың ауырлығына, оның жеке басына, беделіне, тұрақты жұмыс орнының, тұрақты тұрғылықты жерінің бар-жоғына және басқа да мән-жайларға қарай айқындалады (ҚПК-нің 138-бабы).

Заң шығарушы ҚПК-нің 146-бабының екінші бөлігінде күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты ұйқамақ қолданылған кезде сот олардың тиісінше мінез-құлқын және қоғамнан оқшаулануын қамтамасыз ететін бір немесе бірнеше шектеуді қолдануы мүмкін деп айқындады. Мұндай шаралар өтініш субъектісі дау айтып отырған: барлық уақытта тұрғынжайдан шығуға; 5) тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, телефонмен сөйлесуге, хат-хабар жөнелтуге және байланыс құралдарын пайдалануға; кімді болса да үйінде қабылдауға тыйым салуға (ҚПК-нің 146-бабы екінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақтары) жол беретін нормаларда қамтылған.

Қазақстан Республикасында қолданыстағы құқықтың бір бөлігі болып табылатын, Жоғарғы Соттың "Бұлтартпау шараларын санкциялаудың кейбір мәселелері туралы" 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 1 нормативтік қаулысында мынадай түсіндіру берілген: "ұйқамаққа санкция берілген кезде ҚПК-нің 146-бабының екінші бөлігінде көзделген күдіктінің, айыпталушының жүріп-тұру еркіндігін шектеу және тыйым салулар ақылға қонымды шектерде қолданылуға тиіс екенін соттардың ескергені жөн. Шектеулер адамның отбасы мүшелерімен байланыс жасауына, өзінің қорғаушысымен қарым-қатынас жасауына, өмірлік қажетті әрекеттерді жүзеге асыруына, мысалы, медициналық көмек алуға және т. б. кедергі келтірмеуге тиіс".

ҚПК-нің 146-бабының бесінші бөлігіне сәйкес айқындалған және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар басшыларының бірлескен бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 22 қыркүйекте № 9741 нөмірімен тіркелген) Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын орындау қағидаларында белгіленген шектеулердің сақталуына қадағалауды жүзеге асыратын орган қызметкері "күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны тыйым салынған уақытта, атап айтқанда, тергеушіден, анықтаушыдан, прокурордан шақырту, сот шақыртуын алған кезде; тергеушінің, анықтаушының, прокурордың немесе соттың рұқсаты бойынша кеткен кезде; сырқаттанғанда, табиғи зілзала болғанда тұрғын үйді қалдыру ойы туралы кезекші бөлімге ... хабарлау қажеттігі туралы жазбаша түрде ескертеді" (18-тармақтың 2) тармақшасы) деп нақтыланады. Осылайша тұтқындалған адамға тергеу іс-қимылдарына және сот отырысына қатысу үшін, сондай-ақ шұғыл жағдайларда тыйым салынған уақытта тұрғын үйді қалдыру мүмкіндігі беріледі.

3. Өтініш субъектісі көрсеткен ҚПК-нің 146-бабы екінші бөлігінің жекелеген ережелерінің Негізгі Заңға сәйкестігі туралы мәселені қараған кезде Конституциялық Сот ұйқамақ қатаң бұлтартпау шараларының біріне жатқызылады және "күдіктіні,

айыпталушыны күзетпен ұстамай, бірақ шектеулер қолданыла отырып, оларды қоғамнан оқшаулауды білдіреді" (ҚПК-нің 146-бабының бірінші бөлігі) дегенді негізге алады.

Заң шығарушы қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін шектеу шараларын ескере отырып, 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 62-бабының төртінші бөлігінде үкім заңды күшіне енгенге дейін ұйқамақта ұстау уақыты бас бостандығынан айыру, бас бостандығын шектеу, қамаққа алу түріндегі жаза мерзіміне бір күнге екі күн есебімен есептеледі деп көздеген.

Ұйқамақ кезіндегі шектеу шаралары күдіктіні, айыпталушыны қоғамнан оқшаулаудың қажетті дәрежесін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл болжалды шаралар анағұрлым жұмсақ бұлтартпау шараларын – ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат, жеке кепілгерлік, әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауына беру және басқалары қолданылған кезге қарағанда анағұрлым қатаң болуы мүмкін.

ҚПК-нің 2-тарауы қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қажеттігін (8-бап), соттың, прокурордың, тергеушінің, анықтау органының және анықтаушының қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚПК және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарын дәлме-дәл сақтау міндетін (10-бап) атап өте отырып, қылмыстық процесс міндеттері мен қағидаттарын ашып көрсетеді.

ҚПК-нің осы тарауында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау (12-бап), жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу (13-бап), жеке басқа қолсұғылмаушылық (14-бап) және тағы басқалар туралы конституциялық тұрғыдан танылған нормалардың сақталу қажеттігі жөнінде ережелер қамтылады.

Ұйқамақ жағдайларында Конституцияның 13-бабының 3-тармағында бекітілген құқық тиісті адамның білікті заңгерлердің кәсіби көмегін пайдалану мүмкіндігін көздейді. Бұл Негізгі Заңда бекітілген сот арқылы қорғалу құқығын және сот төрелігі қағидаттарын іске асырумен тығыз байланысты.

Конституция адвокаттарға жеке тұлғаларға да, заңды тұлғаларға да – білікті заң көмегін көрсету жөніндегі, ал мемлекетке әркімнің осындай көмекке конституциялық құқығын қамтамасыз ету жөніндегі ерекше міндетті жүктейді (Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 2 шілдедегі № 12/2, 2009 жылғы 20 тамыздағы № 5 және 2021 жылғы 4 маусымдағы № 1 нормативтік қаулылары).

4. Конституциялық Сот қылмыстық сот ісін жүргізуде ұйқамақ мақсаттарына қол жеткізу арасында – қылмыстық сот төрелігінің жария-құқықтық мүдделері мен осы бұлтартпау шарасына тартылған адамдардың конституциялық құқықтарын, сондай-ақ

заңды мүдделерін қорғау арасында жеке адамның қалыпты тыныс-тіршілігі үшін айыруға болмайтын, бірінші кезектегі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған ақылға қонымды теңгерім сақталуға тиіс деп есептейді.

Кез келген бұлтартпау шарасын қолдану күдіктінің (айыпталушының, сотталушының) және қорғаушының ҚПК-де бекітілген құқықтарын (64, 65, 70-баптар) бұзуға жағдай жасамауға тиіс.

Өтініш субъектісі дау айтып отырған ҚПК-нің ережелері өз арасында не ұйқамақтағы адамдарға қатысты қолданылатын өзге де шектеулермен жинақтай келгенде құқық қолдану практикасында оларды конституциялық құқықтарынан айыруға алып келмеуге тиіс. Мұндай шектеулер адамды қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ете отырып, оның өмірі мен денсаулығына төнетін қатер тәуекелін болғызбауға тиіс.

ҚПК-ден басқа, өзге нормативтік құқықтық актілерде аталған мәселелерді регламенттеу тұтастай алғанда ұйқамақ қолданылған адамдардың конституциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді. Алайда, бұл бұлтартпау шарасы адамның бірқатар конституциялық құқықтары мен бостандықтарының мәнін қозғайды, осыған байланысты осындай ережелер заңнамалық деңгейде бекітуді талап етеді.

Заң шығарушы заңдарды қабылдаған кезде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының мәнін бұрмаламай және Конституцияның белгілі бір нормаларына сәйкес келмейтін шектеулерді енгізбей, оларды шектеудің жол берілетін конституциялық шегін негізге алуға міндетті.

Осыған байланысты, ҚПК-нің 146-бабының екінші бөлігінде көзделген шектеулерді Конституцияның көрсетілген нормаларымен, қылмыстық процесс қағидаттарымен және қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын регламенттейтін ҚПК-нің өзге де ережелерімен жүйелі түрде тұтас қараған жөн.

Конституциялық Сот ҚПК-нің дау айтылып отырған ережелеріне осылайша түсіндірме берілген кезде олар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру мақсаттарымен және міндеттерімен байланысты емес құқықтар мен бостандықтарды сот арқылы қорғау құқығын қоса алғанда, адамның конституциялық құқықтарын толық шектеуге немесе олардан айыруға жол бермейді деп есептейді.

Осылайша, ҚПК-нің 146-бабы екінші бөлігі 1), 2) және 3) тармақтарының ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді.

Заңдардың және өзге де құқықтық актілердің конституциялылығын тексеру туралы өтінішті қарау қорытындысы бойынша Конституциялық Сот заңды немесе өзге де құқықтық актіні не олардың жекелеген ережелерін Конституциялық Сот берген түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп тануға құқылы ("Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 57-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы).

Егер Конституциялық Соттың шешімінен құқықтық реттеудегі олқылықтар мен қайшылықтарды жою жөнінде заңнамалық және өзге де шаралар қолдану қажеттілігі туындаса, уәкілетті мемлекеттік органдар, егер Конституциялық Сот өзгеше мерзім белгілемесе, Конституциялық Соттың шешімі жарияланғаннан кейін алты айдан кешіктірмей тиісті заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізуді, өзге де құқықтық актілер қабылдауды қамтамасыз етеді (Конституциялық заңның 64-бабының 4-тармағы).

Конституциялық Сот адамдарды ұйқамақта ұстау бөлігінде ҚПК-нің нормалары жеткілікті дәрежеде анық тұжырымдалуға және заң ережелерін өзінше интерпретациялау мүмкіндігіне жол бермейтін түсінікті және дәлелденген өлшемшарттарға негізделуге тиіс деп атап өтеді.

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын, 74-бабының 3-тармағын, Конституциялық заңның 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55 – 58, 62 – 65-баптарын басшылыққа ала отырып, өтініш нысанасына қатысты Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 146-бабы екінші бөлігі 1), 2) және 3) тармақтарының ережелері Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты берген төмендегідей түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын:

ұйқамақ кезінде көзделген, соттар жеке не тұтастай қолданатын шектеулер тұтқындалған адамның және оның қорғаушысының өмір сүру және денсаулығын сақтау, құқық субъектісі ретінде танылу, өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау, сот арқылы қорғалу және білікті заң көмегін алу құқықтарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтарының, сондай-ақ олардан туындайтын, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде бекітілген процестік құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы нормативтік қаулы жарияланғаннан кейін алты айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексін Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының осы нормативтік қаулыда жазылған құқықтық ұстанымдарына сәйкес келтіруге бағытталған заң жобасын енгізсін.

Қолданылған шаралар туралы көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына ақпарат берсін.

3. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

4. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасының
Конституциялық Соты*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК